**Бекітемін:**
**«Құралай апа» бөбекжай балабақша**
**меңгерушісі: А.Таженова**

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
**2024-2025 оқу жылы.**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Педагогикалық әдеп кеңесінің<br>№1 отырысы:<br>**Күн тәртібінде:**<br>1. Педагогикалықәдепережелерітуралытүсіндіру.<br>2. Әдепережелерініңтәрбиежұмысынаәсері.<br>3. Педагогтардыңөзарақарым-қатынасыжәнеэтикалықнормалардысақтау. | Қыркүйек | Меңгеруші А.Таженова Әдіскер Ж.Бердалиева |
| 2 | Педагогикалық әдеп кеңесінің<br>№2 отырысы:<br>**Күн тәртібінде:**<br>1. Әдеп бұзушылыққа қатысты анықталған жағдайлар және оларды талдау.<br>2. Әдеп бұзушылықтарды болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстар.<br>3. Ата-аналармен қарым-қатынас барысында педагогикалық әдепті сақтау. | аұпан | Меңгеруші А.Таженова Әдіскер Ж.Бердалиева |
| 3 | Педагогикалық әдеп кеңесінің<br>№3 отырысы:<br>**Күн тәртібінде:**<br>1. Семинар-тренинг: "Педагогикалық әдеп және тәрбиеші имиджі".<br>2. Тәрбиешілердің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасын жақсарту әдістері.<br>3. Тренинг нәтижелерін талқылау және кері байланыс алу. | наурыз | Меңгеруші А.Таженова Әдіскер Ж.Бердалиева |
| 4 | Педагогикалық әдеп кеңесінің<br>№4 отырысы:<br>**Күн тәртібінде:**<br>1. Әдеп нормаларын бұзуға қатысты орын алған жағдайларды қарастыру.<br>2. Әдеп бұзушылыққа әсер ететін себептерді | сәуір | Меңгеруші А.Таженова Әдіскер Ж.Бердалиева |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | анықтау.<br>3. Педагогтардың әдеп бұзушылыққа жол бермеу үшін мотивациялық шараларды енгізу. | | |

Scanned with CamScanner

«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

**Меңгеруші:** А.Таженова
**Өткізу күні:** 2024 ж. Қыркүйек айы

**Күнтәртібі:**

4. Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру.
5. Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері.
6. Педагогтардың өзара қарым-қатынасы және этикалық нормаларды сақтау.

**1-ші мәселе бойынша** Меңгеруші А. Таженова педагогикалық әдеп ережелері туралы түсінік беріп, олардың маңыздылығын атап өтті. Әдеп ережелері педагогтардың кәсіби имиджін қалыптастыруға және балаларға үлгі болуға негізделген. Әр бір педагог қарым-қатынас барысында құрмет, әдептілік, сабырлылық танытып, этика талаптарын сақтауы қажет екені айтылды.

**2-ші мәселебойынша:** Әдіскер Ж.Бердалиева педагогикалық әдептің балалар мен және ата-аналармен қарым-қатынастағы рөлі туралы баяндама жасады. Педагогтардың әр әрекеті баланың дамуына әсер етеді, сондықтан олардың мінез-құлықтарымен сөйлесу әдебі үлкен мәнге ие. Ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық, түсіністік және ынтымақтастық принциптері сақталуы керек.

**3-ші мәселебойынша:**Тәрбиеші К.Абенова педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың салдары туралы баяндады. Әдеп ережелерін сақтамау – мекеменің беделіне зиян келтіріп, балалардың сеніміне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу ұсынылды.

Scanned with
CamScanner

**4-ші мәселебойынша:**Барлық қызметкерлердің педагогикалық әдеп ережелеріне сәйкес әрекететуін қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Әр педагог өз әрекеті үшін жауапты екенін түсінуі қажет. Тәртіпті сақтау және бір-бірімен өзара сыйластық қарым-қатынасты нығайту басты міндеттердің бірі.

**Шешімдер:**

1. Барлық педагогтармен қызметкерлерг епедагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырма беру.
2. Қызметкерлер арасында этикалық нормаларды түсіндіру бойынша тұрақты түрде семинарлар өткізу.
3. Балалар мен және ата-аналармен қарым-қатынасты жақсарту үшін педагогикалық әдебіне арналған тренин гұйымдастыру.
4. Әдеп нормаларын сақтау бойынша бақылау және талдау жұмыстарын жүргізу.

**Отырыс қорытындысы:**
Меңгеруші А.Таженова педагогикалық әдеп ережелерінің маңыздылығын атап өтіп, қабылданған шешімдерді іске асыру үшін барлық қызметкерлердің бірлескен жұмысын ұйымдастыру қажет екенін айтты.

**Шешімдер:**

1. Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырм аберу.
2. Тәрбиешілер арасында өзара құрметпен әдептілік мәдениетін нығайту шараларын еннізу.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша ай сайын бақылау жүргізу.

Төрайымы: А.Таженова

Хатшысы : С.Турусова

Scanned with CamScanner

«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
**№ 2 ХАТТАМАСЫ**

**Меңгеруші:** А.Таженова
**Өткізу күні:** 2025 ж Ақпан айы

**Күн тәртібі:**

1.Әдеп бұзушылыққа қатысты анықталған жағдайлар және оларды талдау.
2.Әдеп бұзушылықтарды болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстар.
3.Ата-аналармен қарым-қатынас барысында педагогикалық әдепті сақтау.

**Шешімдер:**

1. Әр педагогқа этикалық нормаларды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.
2. Тәртіп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жеке әңгімелер жүргізу.
3. Әдепті бұзған қызметкерлерге ескерту жасау.

**1-ші мәселе бойынша:**Меңгеруші А.Таженова педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың мекеменің ішкі беделіне және балалардың психологиялық жағдайына әсер ететінін айтты. Бұзушылықтардың негізгі себептері ретінде қызметкерлердің эмоциялық жүктемесі, кәсіби этика талаптарын түсінбеуі және өз міндеттеріне салғырт қарауы аталды.

**2-ші мәселе бойынша:** Әдіскер Ж.Бердалиева педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу шараларын ұсынды. Бұл шараларға ішкі тәртіпті қатаң сақтау, қызметкерлермен әдептілік жөнінде жиі әңгімелесу, стрессті басқару бойынша тренингтер өткізу кіретіні айтылды. Сонымен қатар, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы аталды.

**3-ші мәселе бойынша:** тәрбиеші К.Даулетбаева қызметкерлер арасында әдептілік мәдениетін нығайтуға арналған ұсыныстарын білдірді. Тәрбиешілердің өзара қарым-қатынасында түсіністік пен сыйластықты қалыптастыру үшін топтық жұмыстар мен тренингтер ұйымдастыру ұсынылды.

**4-ші мәселе бойынша:**Педагогтардың балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдепті сақтау қажеттілігі туралы айтылды. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір тәрбиеші олармен жылы шырайлы, сабырлы және түсіністікпен қарым-қатынас жасауы тиіс. Ата-аналармен қарым-қатынаста да әдептілік пен кәсібилікті сақтау маңызды.

Scanned with CamScanner

**Шешімдер:**

1. Қызметкерлер арасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау туралы жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Әдепті бұзушылықтардың алдын алу үшін әр қызметкердің мінез-құлқы мен әрекетіне мониторинг жасау.
3. Стрессті басқару және конфликтілерді шешу бойынша тренингтер ұйымдастыру.
4. Қызметкерлерге әдеп нормаларын сақтау бойынша нұсқаулықтарды жазбаша түрде тарату.
5. Ата-аналардан педагогикалық әдепке қатысты шағымдар түссе, оларды арнайы комиссия қарауына ұсыну.

**Отырыс қорытындысы:**

Меңгеруші А.Таженова педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу шараларының маңыздылығын атап өтіп, әр қызметкердің жеке жауапкершілігін арттыру керектігін айтты. Барлық шешімдер бірауыздан мақұлданды.

Төрайымы: А.Таженова

Хатшысы : С.Турусова

Scanned with CamScanner

«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Меңгеруші:** А.Таженова
**Өткізу күні:** 2025 ж. Наурыз айы

**Күн тәртібі:**

4. Семинар-тренинг: "Педагогикалық әдеп және тәрбиеші имиджі".
5. Тәрбиешілердің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасын жақсарту әдістері.
6. Тренинг нәтижелерін талқылау және кері байланыс алу.

**Шешімдер:**

1. Әдеп тақырыбындағы семинарлар мен тренингтерді тоқсан сайын өткізу.
2. Тәрбиешілердің кәсіби әдепті сақтау деңгейін бағалау үшін анонимді сауалнамалар жүргізу.
3. Педагогикалық әдепке байланысты шағымдар мен ұсыныстарды қарау үшін сенім жәшігін орнату.

**1-ші мәселе бойынша** Меңгеруші А.Таженова педагогикалық әдеп нормаларының маңыздылығын түсіндірді. Әдеп нормалары педагогтардың балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасының сапасын анықтайды. Мекемедегі жалпы тәртіп пен мәдениеттің жоғары деңгейде болуы әдеп нормаларын қатаң сақтауға байланысты.
**2-ші мәселе бойынша:** Тренингпедагог психолог Ж.Бердалиева барысында педагогикалық әдептің негізгі ережелері таныстырылды. Қатысушылар рөлдік ойындар мен ситуациялық тапсырмалар арқылы түрлі жағдайларда әдептілік таныту жолдарын талдады. Әсіресе, балалардың көңіл-күйін түсірмеу, ата-аналармен конструктивті диалог жүргізу, әріптестермен сыйластық қарым-қатынас орнату әдістеріне баса назар аударылды.
**Тренингтің бөлімдері:**

1. Әдептің негізгі қағидалары (теориялық бөлім).
2. Ситуациялық тапсырмалар және олардың шешу жолдары.
3. Қатысушылардың кері байланысы мен қорытындылау.

**3-ші мәселе бойынша:** Тренингке қатысушылардың кері байланысы тыңдалды. Қызметкерлер тренингтің пайдалы болғанын және кәсіби қарым-қатынастағы өз кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік бергенін айтты. Тренингтің ұжымдық рухты нығайтуға оң әсер еткені атап өтілді.

**Шешімдер:**

Scanned with CamScanner

1. Әдеп нормаларын сақтау бойынша семинар-тренингтерді тұрақты түрде тоқсан сайын өткізу.
2. Тәрбиешілердің әдептілік деңгейін арттыру үшін жаңа әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.
3. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас кезінде туындаған қиындықтарды талқылау үшін арнайы кездесу ұйымдастыру.
4. Қызметкерлерге кәсіби әдепті сақтау қажеттілігі туралы жадынамалар тарату.

**Отырыс қорытындысы:**
Меңгеруші А.Таженова -тренингтің нәтижелерін оң бағалап, барлық қызметкерлерге кәсіби әдепті сақтаудың маңыздылығын еске салды. Барлық қабылданған шаралар бірауыздан мақұлданды.

Төрайымы: А.Таженова

Хатшысы : С.Турусова

Scanned with CamScanner

«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
**№ 4 ХАТТАМАСЫ**

**Меңгеруші:** А.Таженова
**Өткізу күні:** 2024 ж. Сәуір айы

**Күн тәртібі:**
4. Әдеп нормаларын бұзуға қатысты орын алған жағдайларды қарастыру.
5. Әдеп бұзушылыққа әсер ететін себептерді анықтау.
6. Педагогтардың әдеп бұзушылыққа жол бермеу үшін мотивациялық шараларды енгізу.

**Шешімдер:**
1. Әдеп бұзған педагогтарға тәртіптік жаза қолдану туралы ескерту беру.
2. Барлық қызметкерлер үшін мотивациялық бағдарламалар ұйымдастыру.
3. Әдеп нормаларын бұзушылыққа жол бермеу үшін педагогтар арасында моральдық-этикалық кодекс қабылдау.

**1-ші мәселе бойынша:** Меңгеруші А.Таженова соңғы айда мекемеде орын алған бірнеше әдеп бұзушылық жағдайларын талдады. Кейбір қызметкерлердің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас барысында сабырлылық танытпағаны және әріптестер арасында түсініспеушілік болғаны айтылды. Бұл жағдайлар ұжымдық жұмысқа және мекеменің беделіне теріс әсер етуі мүмкін екені ерекше аталып өтті.

**2-ші мәселе бойынша:**
Әдеп бұзушылықтардың негізгі себептері анықталды:
1. Қызметкерлердің эмоциялық жүктемесінің жоғары болуы.
2. Жұмыстағы стресстік жағдайлардың көптігі.
3. Әдеп нормалары туралы түсініктің жеткіліксіздігі.
4. Конфликтілік жағдайларды дұрыс шешу тәсілдерінің жетіспеуі.

**3-ші мәселе бойынша:**
Әдеп бұзушылықтарды болдырмау үшін ұсынылған шаралар:
- Әріптестер арасындағы өзара сыйластық мәдениетін нығайту.
- Қызметкерлерге эмоциялық тұрақтылықты сақтау әдістерін үйрету.
- Конфликтілерді болдырмау және шешу бойынша арнайы тренингтер өткізу.
- Қызметкерлердің жұмыс жүктемесін әділ бөлу.

**Шешу жолдары:**
1. Әдеп бұзушылыққа жол берген қызметкерлермен жеке әңгіме өткізу.
2. Әдеп нормалары туралы жадынамаларды әр қызметкерге тарату.

Scanned with CamScanner

3. Әдепті бұзушылықтарды алдын алу мақсатында мекеменің этикалық кодексін қайта қарау.

**4-ші мәселе бойынша:**

Қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтау жауапкершілігін арттыру үшін мотивациялық жұмыстар жүргізу ұсынылды. Әдеп нормаларын сақтаған қызметкерлерді марапаттау және үлгі ретінде көрсету әдісі талқыланды.

**Шешімдер:**

1. Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру бойынша ай сайынғы жиналыс өткізу.
2. Әдеп нормаларын бұзған қызметкерлерге ескерту беру және түзету жолдарын көрсету.
3. Қызметкерлер арасында ең үздік кәсіби әдеп үлгісін көрсеткендерді марапаттау жүйесін енгізу.
4. Әдеп нормалары туралы шағымдар немесе ұсыныстар түссе, оларды арнайы комиссия арқылы қарау.

**Отырыс қорытындысы:**

Меңгеруші А.Таженова барлық қатысушыларды әдеп нормаларын сақтауға шақырды және қабылданған шешімдерді іске асыру үшін жауапты тұлғаларды тағайындады. Барлық ұсыныстар мен шешімдер бірауыздан

Төрайымы: А.Таженова

Хатшысы : С.Турусова

Scanned with CamScanner